

национальной системе образования. Статья. Г.И. Калиева.

8. Поликультурное воспитание: концепция, содержание, формы и методы, размещено (<http://www.allbest.ru>).

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна
пед.ғылым.кандидаты доцент ҚМПИ
қ.Қостанай
Куйшинова Зулиха Шайкимелевна
Ерменова Ботагоз Сансызбаевна
Тусова Асель Жанибековна
қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімдері
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім
бөлімінің № 18 мектеп-гимназиясы ММ»

Аннотация

Қай халықтың болмасын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі – рухани құндылықтар жүйесі. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз. Ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы еліміз тұлғаны қалыптастырмақ. Тарих – халықтың зердесі, ол содан сусындап, әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын күш-қуат алады. Халқымыздың ұлттық, мәдени мұраларын ескермеу, оның мән-маңызына көз жібермеу болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына теріс ықпалын тигізері сөзсіз. Соныдықтан да рухани-адамгершілік мәселелерін білім беру парадигмаларының мазмұна ендіру көзделуі керек. Рухани – құндылықтармен міндеттері білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Бүгінгі таңдағы маңызды мәселе жас ұрпақтың азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор.

Аннотация

Одной из особенностей любой нации является система духовных ценностей. Наша главная задача - модернизировать сегодняшнее молодое поколение с богатым наследием наших предков, нашими национальными ценностями. Воспитывая национальные ценности, страна будет формировать личность. История - это ум людей, и он получает власть водить, социальное творчество и светлое будущее. Неспособность игнорировать национальное и культурное наследие нашего народа, а также не упускать из виду сущность нации, несомненно, это может оказать негативное влияние на формирование национального сознания будущих поколений. Поэтому содержание образовательных парадигм должно быть обеспечено по духовным и моральным вопросам. Духовность – это ценности и ответственность, формирование системы знаний является важным аспектом в развитии нового общества. Самой важной проблемой сегодня является формирование цивилизованного чувства молодого поколения, основанного на гуманном этикете, солидарности, единстве, солидарности и мире.

Abstract

The unique features of the unique system depend on the properties of the spirit. Our main task - to modernize our present-day young generation with our precious souls, with our national values. By devoting national values, it is possible to form a personality. The story is like a whirlwind, and it is ten times that you can lead, social creativity, and bright future. It is impossible to ignore the national and cultural values of our nation, and also do not let it come from the virtue of uncertainty, to express negative sentiments to the formation of nationalistic expectations of future expectations. The poetical outline of the teaching paradigm should be answered in a spirit of spirituality and morality. Духовность - это ценности и ответственность, the formation of a system of knowledge is a significant aspect of the evolution of the new society. Today, the crucial problem that Samoy is facing is shaping

the civilized feelings of the younger generation, based on humanistic etiquette, solidarity, unity, solidarity and peace.

Түйін сөздер: *Ұрпақ, рухани, парыз, мұра, ұлтжандық, мәңгілік, тұлға, жас өспірім, тәрбие.*

Ключевые слова: *Потомки, духовность, долг, наследие, национальность, вечность, личность, подросток, воспитание.*

Keywords: *Motivations, Spirituality, Longing, Giving, Nationality, Longing, Personality, Soul, Hospice.*

XXI ғасырда еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің, ұстаздар қауымы алдымыздағы ең басты міндеті. Ал ұрпақ тәрбиесінде адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Оған дәлел Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» — деген сөзі дәлел. Осы тұрғыда жалпы білім беру жүйесін ізгілендіру қажеттілігі, қазіргі таңда рухани–адамгершілік тәрбие беру өзекті мәселе ретінде қарастырылады. «Бала тәрбиесі–мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Өйткені, ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешіліп отыр. Қазіргі таңдағы ағымда оңай болып отырған жоқ. Біз қайда бара жатырмыз, қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз, алдымызда не күтіп тұр деген сұрақ әрбір ата-ананың, әрбір педагогтың көкейінде тұр.

Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз екені баршамызға мәлім. Олардың бойындағы рухани қабілетін дамыту – ұстаз, ата-ана және қоғам қауымының міндеті.

Қазір адамдардың барлығының да көздері ашық, ғылыми- техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі – компьютер дәуірінде өмір сүріп жатыр. Бірақ бір нәрсе жетіспейді. Бүкіл адам зат соны іздеумен әлек. Ол – рух қажеттілігі, рухани азық. Рухтың мекені - адамның жүрегі. Жүректің жылуы, махаббат, ар - намыс, қайрат - жігер деген сезімдердің барлығы да осы рухтан туындайды. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мәні терең, мазмұны бай мақаласында ұлттық рухани болмысымыздан ажырамау, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен өнеріміз, әдебиетіміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс екендігін айтып өтті. Елімізді паш ететін бүгінгі жас ұрпақ. Ол бәріне де қазіргі таңда мәлім. Біздің оттай жанып тұрған заманымыздың жас ұрпақ азаматтары. Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда, мұғалімнің ең қасиетті міндеті - рухани бай, жан-жақты дамыған, дарынды бойында ұлттық рухани құндылықтары бар, жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл қазіргі заманның адамзатын өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, сан қилы өмірде аяғынан тік тұрып кететініндей түрткі жасауымыз қажет. Сол себепті барша ұстаздардың, ата-ананың, қоғамның міндеті әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Қазақ халқының ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген. Бұл үлкен міндетті орындауда ұстаздардың ролі жоғары болу керек. Заман талабына сай білім беру жүйесі өзінің

басым бағдарын жеке тұлғаның рухани адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне назар аударып бастады. Демек, тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту – заман талабы. Рухани құндылықтар мәңгілік және адамзаттық. Қай халықтың болмасын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі – рухани құндылықтар жүйесі. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз.

Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы еліміз тұлғаны қалыптастырмақ. Тарих – халықтың зердесі, ол содан сусындап, әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын күш-қуат алады. Халқымыздың ұлттық, мәдени мұраларын ескермеу, оның мән-маңызына көз жібермеу болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына теріс ықпалын тигізері сөзсіз. Соныдықтан да рухани- адамгершілік мәселелерін білім беру парадигмаларының мазмұна ендіру көзделуі керек. Рухани – құндылықтармен міндеттері білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт.

Бүгінгі таңдағы маңызды мәселе жас ұрпақтың азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор.

Қазіргі жағдайда рухани - азаматтық тәрбиенің көрсеткіштері:

- ✓ Жеке өзін мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;
- ✓ Отанына деген сүйіспеншілік жылы сезімінің болуы;
- ✓ Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу;
- ✓ Халықтың өткен тарихын білудің аса бір қажеттілігі;

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу;

аса бір қажеттілігі болып табылады. Тәрбиенің жалпы негізі рухани - азаматтық құндылықтары болуы керек. Ал мұғалімнің басты мақсаты – өзіндік рухани - азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани - адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру.

Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады. Адамгершіліктің негізі мінез-ұлық нормалары мен ежелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады.

Жастардың рухани әлемінің жағдайы жастар үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін де маңызды орын алады, өйткені жастар біздің болашағымыз. Жастардың рухани мәдениетін құраушылардың бірі құндылықтық бағдарлар болып табылады яғни, белгілі-бір мәндерді өмірді ұйымдастырушы бастамалар ретінде қабылдау және өзін соған сәйке ұстау.

Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі – өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар – намысты ардақтау, әр

уақытта жақсылық жасауға дайын болу. Арлы адам – ардақты адам. Адамгершіліктің асыл қасиеттері: Отансүйгіштік, мейірімді, адал, еңбекқор, ақылды, әділ, парасатты жас ұрпақтарымыздың бойынан табылуы тиіс. Басқаша айтқанда, бүгін біз тек өзара түсіністік пен сыйластықтың, бір-бірімізге деген құрметтің арқасында ғана тіршілігімізді жалғастыра алмақпыз. Бұл үдеріс біздің әрқайсымыздың өз дінімізді, дәстүрімізді құрметтеуге, дәріптеуге кедергі болмайды. Өйткені, әрбір дін – ақиқатқа деген ұмтылыс.

Сондықтан да, еліміздің болашағы үшін жастарды тәрбиелеуде рухани құндылықтардың маңызы зор және біз күнделікті өмірде оларды қолданудың аясын кеңейтіп, үнемі назарда ұстап отыруымыз қажет. Еліміздің ертеңгі жас болашағы - жас ұрпақты елжандылыққа, өз Отанының адал азаматы болуға ұлттық, халықтық тұрғыда тәрбиелеу - бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Тәрбиенің түпкі мақсаты - шәкірттің рухани өсуіне жол ашу, ал рухани өсу дегеніміз - кісілік қасиеттерді дамыту, дүниетанымын кеңейту, ең бастысы - өз елін, жерін сүйетін, туған топырағының кешегісін, бүгінімен, бүгінгісін ертеңімен жалғастыра алатын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу.

Біз, ұстаз, осындай керемет елдің ұстаздары болғандықтан, оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін оқушыларымызға еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтардың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезіндіруіміз керек. Сонда ғана қазақстандық отансүйгіштік ұғымы ел мен жердің бүтіндігін сақтап, халықтар достығы мен бірлігін нығырлай түседі. Халықтың жаны – ана тілінде. Ұстаздар үшін тәрбие көзі бола алатын тарих та, асыл сөз де, асқақ рух иелері болған, балаға үлгі бола алатын дана да батыр бабаларымыз жетерлік. Тек осы рухани байлығымызды саф алтындай жарқыратып балаға көрсете білсек, бала да оны көре біледі, қызығады және қабылдайды. Ұлттық рухта тәрбиеленген бала – сол ұлттың болашағы бола алады. Уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Қорыта айтсақ, жастарымыздың бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық, әдептілік, ибалылық, төзімділік сынды қасиеттерді арттырып, олардың жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды толыққанды түсініп, өмірлік жолдарында ұстануына септігін тигізуге әсер етуіміз керек. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - біздің қоғам алдындағы борышымыз. Жас ұрпақтың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез- келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, рухын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.

XXI ғасыр адамы – адами қасиеті қалыптасқан, ұлтжанды, жаңа инновациялық технологияларды меңгерген, терең білімді, жаңалыққа құмар, бәсекеге қабілетті, салауатты өмір сүре алатын, шығармашыл тұлға болуы керек.

Бала тәрбиесі – ұстаз бақыты. Ендеше, бір мүдде, бір мақсат, бір болашақ үшін сапалы адам тәрбиелеуде аянбай еңбек етейік. Біз Мәңгілік елдің Мәңгілік халқымыз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Алматы - 2008.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырыдамасы.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014ж 17 қаңтар.
5. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.
6. Өтешова.Б.«Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту»- 2007 ж. /42-43 бет. 118-бет/. Алматы-/168 бет.С/ С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «БАҚ және Ұлттық тәрбие». 2004 ж.
7. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.
8. «Қазақстан мектебі» журналы. №11-2010ж; №10-2009 ж.
9. «Оқушы тәрбиесі» журналы. №12-2012 ж.

ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА КАК ОДНО ИЗ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Бельшева И.Н.,
Булатова Р.Г.,
учителя начальных классов
ГУ «СШ №23 им.М.Козыбаева
г. Костаная»

Аннотация

Азаматтық-патриоттық тәрбие - мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің негізгі бағыттарының бірі, жеке тұлғаны қалыптастыру және қалыптастыру, жасөспірім оқушыны әлеуметтендіру. Отансүйгіштік пен азаматтығы тәрбиеленушілер арасында білім беру мәселесінің өзектілігі мен маңыздылығы бүгінгі күннің өзінде оларды жетілдірудің шұғыл және тиімді шараларын талап ететін аса маңызды болды.

Аннотация

Гражданско-патриотическое воспитание - одно из основных направлений школьного образования и воспитания, развития и становления личности, социализации младшего школьника. Актуальность и значимость проблемы воспитания у младших школьников патриотизма и гражданственности стала сегодня наиболее значимой, требующей неотложных и эффективных мер по их совершенствованию.

Abstract

Civil-patriotic education is one of the main directions of school education and upbringing, development and formation of personality, socialization of a junior schoolboy. The relevance and significance of the problem of education among younger students of patriotism and citizenship has become today the most significant, requiring urgent and effective measures to improve them.

Түйінді сөздер: тәрбиелеу, туган жер, қазақстандық патриотизм, азаматтық

Ключевые слова: воспитание, родной край, казахстанский патриотизм, гражданственность

Keywords: upbringing, native land, Kazakhstani patriotism, citizenship

Глава государства Н.Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» подчеркнул, что одним из главных условий модернизации общественного сознания является сохранение собственного национального культурно-генетического кода, фундаментальная основа которого - патриотизм. Соединяясь с ценностями и нравственными ориентирами, патриотизм приобретает национальную идею. В этой связи патриотизм рассматривается как часть национальной стратегии